

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Құрметті ғалым Мухаммад ибн Солих аль-Усеймин (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

Жұма күнінің сүннеттері (жасаған абзал амалдар)

1. Ғұсыл алу, жұма намазына ғұсыл алу уаджиб (парыз), егер адам оны ешқандай үзірсіз тастайтын болса күнахар болады.
2. Мисуак (арнайы тіз тазалайтын құрал).
3. Жақсы иісті әтірлерді басына, сақалына, көйлегіне жағу, шашу.
4. Жұма намазына ертерек бару. Күн шығып жатқанда бару. Өйткені Пайғамбар ﷺ ерте баруды қызықтырып, былай деген: "Егер кімде-кім жұма күні ғұсыл құйынып, мешітке бірінші сағатта барса, (сауабы) ол түйені құрбандық шалғанмен тең. Кім екінші сағатта барса, сиырды құрбандық шалғанмен тең. Кім үшінші сағатта барса, мүйізді қошқарды құрбандыққа шалғанмен тең. Кім төртінші сағатта барса, тауықты шалғанмен тең. Кім бесінші сағатта барса, жұмыртқаны құрбан шалғанмен тең."

5. Және де сүннеттерінен: жұма намазына жаңа немесе жуылған болса да ең жақсы киімдерді киіп бару, өйткені ол Сүннеттен болып табылады.

6. Және егер жұма намазына имам кірсе қалағанын тілеп, дұға қылуы керек, әсіресе намаздың ішінде. Өйткені жұма күнінде бір сағат бар, егер де мұсылман, сол сағатқа намаз оқып тұрып, Аллаһтан қажетін сұраса, міндетті түрде оған береді.

7. Және де жұманың ерекшеліктерінен: Пайғамбарға ﷺ салауатты көбейтіп айту, салауатты көбейт, тілің салауат айтудан шаршамасын. "Аллаһым Пайғамбарға игілігің мен сәлемің болсын!" - деп, жүріп келе жатқанда, отырғанда, мешітте, үйде, базарда.

Құрметті ғалым Мухаммад ибн Солих аль-Усеймин (Аллаһ оны рахым етсін) пайдасынан

Абдуллаһ ибн Омардан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте Аллаһтың Елшісі ﷺ айтты:

"Аллаһтың алдында намаздардың ең абзалы - жұма күні жамағатпен оқылған таң намазы."

رواه البيهقي في "شعب الإيمان" وصحه الألباني في صحيح الجامع (1119)

Құрметті ғалым Мухаммад ибн Солих аль-Усеймин (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

"Жұма күнінде хутба айтылып жатырған кезде сәлем беру харам болып табылады, сондықтан имам жұма хутбасын айтып жатқан кезде адам мешітке кірсе, сәлем беруге болмайды және оның сәлеміне жауап беру де харам"

فتاوى ابن عثيمين: (100/16)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

Ардақты сахаба Абу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте, Аллаһ Елшісі ﷺ жұма күнін еске алып, былай деген:

"Жұма күнінде бір сағат бар, егер де мұсылман, сол сағатқа сәйкес келіп, намаз оқып тұрып, Аллаһтан қажетін сұраса, міндетті түрде оған береді."
Қолымен ол сағаттың аздығын білдіретін ишара қылды.

متفق عليه

Осы пайданы шығарған күні, жоғарыдағы хадистегі дұға қабыл болатын сағат турасында бауырларымыздан сұрақтар туындаған еді. Дұға қабыл болатын сағатқа байланысты құрметті ғалым Ибнуль-Қойимның (Аллаһ оны рахым етсін) пайдасын аударуға тырыстым. Дұрыс болса Аллаһтың көмегімен, қате болса өзімнен болған қате. Аллаһ пайдаларымды берекелі, дүние ахыретте пайдалы етсін.

Ибнуль-Қойим (Аллаһ оны рахым етсін) айтады:

Жұма күнгі дұға қабыл болатын сағатқа байланысты келген бірнеше пікірлердің ішіндегі күштірегі екеуі, екеуі де сенімді жолмен келген хадистерді қамтыған пікірлер, ол екеуінің біреуі екіншісінен күштірек.

Біріншісі:

Жұма күнінде имам минбарға отырғаннан бастап, жұма намазы біткенше дейінгі уақыт.

Осы пікірдің дәлел-құжаттары:

Имам Муслим өзінің "Сахих" кітабында, Абу Бурда ибн аби Мусаның хадисін келтіреді, Абу Бурдадан Абдуллаһ ибн Умар сұрайды: "Сен, әкеңнің (яғни Абу Муса аль-Ашари) жұма күніндегі дұға қабыл болатын сағатқа байланысты Аллаһ Елшісінің ﷺ хадисін айтқанын естідіңбе?"

Абу Бурда: "Иә, естідім. Әкем айтты: Аллаһ Елшісінің ﷺ былай айтқанын естідім: "Имам жұма намазына отырғаннан бастап, намаз аяқталғанша дейін" - деп жауап береді."

Және ибн Маджа мен ат-Тирмизи, Амр ибн Ауф аль-Музанидің хадисінде Пайғамбар ﷺ айтады:

"Жұма күнінде бір сағат бар, егер де құл сол сағатта Аллаһтан қажетін сұраса, міндетті түрде оған береді."

Сахабалар: "Әй Аллаһ Елшісі, ол қай уақытта?" - деп сұрайды.

Пайғамбар ﷺ: "Жұма намазы басталғаннан, намаз аяқталғанға дейін" - деп жауап береді.

Екінші пікір:

Аср намазынан кейінгі уақыт. Екі пікірдің бұл пікірі күштірек. Бұл - Абдуллаһ ибн Саям, Абу Һурайра, Имам Ахмад және басқа да көптеген ғалымдардың пікірі.

Осы пікірдің дәлел-құжаттары:

Имам Ахмадтың "Муснад" кітабында, Абу Саыйд пен Абу Һурайрадан келген хадисте, Пайғамбар ﷺ айтады: "Жұма күнінде бір сағат бар, егер де мұсылман құл сол сағатқа сәйкес келіп, Аллаһтан жақсылық сұраса, міндетті түрде оған береді, ол - асрдан кейін."

Және Абу Дауд пен Ан-Насайй риуаят еткен, Джабирден келген хадисте Пайғамбар ﷺ айтады: "Жұма күнінде он екі сағат бар. Солардың ішінде бір сағат бар, егер де мұсылман сол уақытта Аллаһтан қажетін сұраса, оған міндетті түрде береді. Ол уақытты аср намазынан кейінгі соңғы сағатында іздеңдер!"

Саыйд ибн Джубейр (Аллаһ оны рахым етсін)
Абдуллаһ ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын)
былай айтқанын риуаят еткен: "Жұма күніндегі
дұға қабыл болатын сағат: аср намазынан күн
батқанға дейін."

Саыйд ибн Джубейр жұма күні аср намазынан
кейін, күн батқанша ешбір адаммен сөйлеспейтін
еді. Осы пікірде саяфтардың (ілгеріде өткен
салиқалылар) көбісі болған.

Хадистердің көбісі осы пікірге дәлел болады. Бұл
пікірден кейінгі пікір - жұмадағы намаз уақыты.
Осы пікірлерден басқаларында ешқандай
сүйенетін дәлел жоқ.

Мендегі пікір (Ибнуль-Қойим пікірі)

Нақты дұға қабыл болатын уақыт - аср намазынан
кейінгі соңғы сағаты болса да, жұма намазы
оқылатын уақыт та, дұға қабыл болатындығына
үміттелетін уақыт. Екі пікір де дұға қабыл болатын
сағат...

Өйткені мұсылмандардың жиналулары, олардың
бірге оқылатын намаздары, мойынсұнулары,
Аллаһқа қылатын дұғалары - дұғаның қабыл
болуына (жақсы) әсері бар! Солай (жұмаға)
жиналатын кезі де дұға қабыл болатындығына
үміті бар уақыт.

Осылайша хадистердің бәрі келіседі. Пайғамбар ﷺ
өз үмметін жаңағы екі уақытта, Аллантан
жалбарынып, дұға қылуға ынталандырған.

زاد المعاد, 1 / 394

Дайындаған: Сәтімжан абу Муса

Ардақты Сахаба Аус ибн Аус (Аллаһ оған разы ﷺ болсын) айтқан хадисте Аллаһтың Елшісі :айтады

Расында, сендердің ең жақсы күндеріңнен - жұма күні, сондықтан бұл күні маған салауат айтуды көбейтіңдер, расында сендердің салауаттарың маған көрсетіледі, сонда адамдар: *"Уа, Аллаһтың Елшісі! Сен (денең) жерге айналып кеткеніңде, біздің салауатымыз саған қалай көрсетіледі?"* - деді.

Пайғамбар ﷺ: *"Расында, Ұлы Аллаһ пайғамбарлардың денелерін жер үшін (жеуге) харам етті"* - деген.

 صححه الألباني في صحيح أبي داود، الرقم: 1047

Ең абзал күнде ең абзал адамға салауатты бір ﷺ көбейтейік! Сахих хадисте: *"Кім Пайғамбарға салауат айтса, Аллаһ оған он салауат айтады!"* - деп келеді. Яғни, Аллаһ салауат айтып жатқан құлын жоғарыда мақтайды, оны рахым етеді, күнәсін кешіреді, дәрежесін көтереді деген мағыналарды береді.

Тоуус ибн Кайсан жұма күні екінті намазын оқып болса, құбылаға қарап, ешкіммен сөйлеспейтін еді.

Оның ұлы:

"Әкем жұма күні екінті намазынан кейін дұғалар қабыл болатын уақытты іздейтін еді, солай өзі жақсы көретін уақытта, жұма күні екінті намазынан кейін қайтыс болды".

مُصَنَّفُ عَبْدِ الرَّزَّاقِ (۲۶۱/۳)

Адам нені жақсы көретіндігіне мән берсін!

Имам Ибн әл-Қоййм (Аллаһ оны рахым етсін)
айтады:

"Жұма күні - ғибадат күні, ол күндердің арасында
айлардың арасындағы Рамазан айы сияқты, ал
ондағы дұға қабыл болатын сағаты - Рамазандағы
Қадір түні сияқты.

Кімде-кім Рамазан айын дұрыс өткізіп әрі (күнәдан)
сәлеметтікте болса, оның қалған жылы оған
сәлеметтікте болады.

Кімнің қажылығы дұрыс болып әрі (күнәдан)
сәлеметтікте болса, ол өмірінің соңына дейін
сәлеметтікте болады.

Сондықтан жұма - аптаның таразысы, ал Рамазан -
жыл таразысы, қажылық - өмір таразысы.

Және әрбір сәттілік тек Аллаһпен!"

📖 زاد المعاد في هدي خير العباد (386 / 1)



Сәтімжан абу Муса